

- Тақырыбы:



- Орындаған: Есенбаева Айнұр

- Тобы: ЕП-151к2

- Қабылдаған:

ЖОСПАРЫ:

- 1. Мағжан Жұмабаев өмірбаяны қысқаша және педагогика туралы ойы
- 2. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі
- 3. А.Байтұрсыновтың педагогикаға қосқан үлсі


МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

- Мағжан Жұмабаев - қазақ поэзиясының ірі өкілдерінің бірі. 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Сасықкөл деген жерде туған. Бала кезінен өте зеректігімен көзге түскен Мағжан төрт жасынан хат таниды. Қызылжардағы М. Бегішев ашқан медреседе 5 жыл оқып, 1910 жылы бітіреді. 1910-1913 жылдары Уфадағы "Ғалия" медресесінде оқиды

- **Мағжан Жұмабаев** әрі лирик ақын, әрі аудармашы, әрі ұстаз-ғалым. Мағжан Жұмабаев ондаған поэма, жүздеген лирикалық өлеңдерін жазумен бірге, оқытушылық қызметті атқара жүріп, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Ол жазған “Бастауыш мектепте ана тілі” (1925), “Сауатты бол” (1926), “Педагогика” (1922) атты оқулықтары педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан тың үлес болып саналады. Мағжанның жоғарыда аталғандай « Педагогика» атты ғылыми еңбегі барын жақсы білеміз. Бұл еңбектің алғаш басылымы 1922 жылы 15 қыркүйегінде жарық көрген. Мағжанның бұл кітабы он бес бөлімнен тұрады. Мағжан өзінің осы педагогикасын 14 ірі бөлімнен құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал етіп қалдырған.

- Мағжан Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі, 2. Құлық тәрбиесі, 3. Сұлулық тәрбиесі, 4. Дене тәрбиесі.
- Ақыл тәрбиесі - түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын болса. Құлық тәрбиесі - жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болса. Сұлулық тәрбиесі - сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жан толқытатын болса. Дене тәрбиесі - ыстық -суық, аштық-жалаңаштық, тұрмыста жиі ұшырайтын.
- Тәрбиенің бұдан басқа да бірнеше түрлері бар. Автордың төрт тәрбиеге баса көңіл бөлуі сол заманның талабынан туған көзқараспен астасып жатыр. Бүгінгідей экономикалық, экологиялық және құқықтық тәрбие ол жылдарды (1930) онша актуальды мәселе болмаса керек. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: “Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...” - деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН



Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері

- Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды.

- Жан-жақты талант иесі Ыбырайдың есімі қашан да уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік талантты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық сақтауда.

- Ыбырай 1883 жылдың 15 қарашасында Торғай қаласынан қолөнер мектебін ашады. Бұл мектеп қазақ даласындағы техникалық мәні бар тұңғыш оқу орны болып саналады. Ыбырай қазақ даласында ашылып отырған мектептер қоғамдық өмірмен тығыз араласып, өзінің оқу, тәрбие жұмысын оның озық талаптарына сай құра білуі керек деп таныды. Мектеп бітірген жастардың әлеуметтік өмірге бірден және батыл араласуын талап етті, сондай-ақ ең әуелі мектептің өзі оларды осыбағытқа нақтылы тәрбиелей алуы қажет деп санады. «Қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстық ағартушылығына үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін», – деп жазды ол.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

- Белгілі қоғам қайраткері, ғұлама түрколог, жазушы, публицист, ағартушы-педагог Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Ақкөл жағасындағы Сарытүбек деген жерде басталды. Алдымен ауыл мектебінде (1882-1884), кейін Торғайдағы орыс-қазақ училищесін (1891), Орынбор мұғалімдік мектебін бітірген. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде мұғалімдік қызмет атқарды. Отаршылдыққа қарсы күрес үшін бірнеше рет тұтқындалды, жер аударылды (1909). 1913-1917 жылдары «Қазақ» газетінің редакторы, 1918-1919 жылдары Алашорда қатарында, ал 1919 жылдан қазақ өлкесін басқаратын әскері - революциялық комитеттің мүшесі, 1922-1925 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми әдеби комиссиясының төрағасы, халық ағарту комиссары, 1925-1929 жылдары Қазақ Халық ағарту институтында және ҚазПИ-де оқытушылық қызмет атқарды.

-

- Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық қызметі 1895 жылдан басталады. Көп уақыт бойына Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, уездік және екі сыныптық училищелерге сабақ береді. Ол өзінің 1911 ж. "Айкап" журналына жазған "Қазақтың өкпесі" атты мақаласында "Өзге жұрттар өнер-білім қуғанда, қазақтың хандары да, халқы да ғылым, өнерді керек қылмаған. Ханы надан, халқы надан жұрт мықты мемлекет жанында өз алдына хандық құрып тұра алмайтын болғандықтан... хандарымыз халқыменен Ресейге қосылған" деп тарихи шындықтың бетін ашады. Қалың елі қазағына ұлы ақын Абайша өсиет айтып, "Шаруанды түзет. Жалқаулықтан арыл, адал еңбек ет, кәсіп үйрен, тер төк... Дүниеде елге теңдік, кемге кеңдік беретін, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді үйренейік ағайын!" - деп көпке жар салды. Ал 1913 ж. "Қазақ" газетінде жарияланған "Оқу жайы" атты мақаласында мәдениетті елдермен мәдениетсіз, оқу-білімсіз елдерді салыстыра келіп, "Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның бар байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі бұл заманда не нәрсе болмасын машинаға айналды. Адам баласын көкке құстай ұшырған, суда балықтай жүздірген - ғылым. Дүниенің бір шетінен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған да ғылым. Отарба, өткемелерді жүргізген ғылым" деп өнер мен ғылымның жасампаздық күшін паш ете келеді де, қазақтың басқа жұртқа жем болуының, теңдіктен құр алақан қалуының басты себебін А.Байтұрсынов оқусыз надан қалуынан деп санайды.



